

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 13 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "'Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің

құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2019 жылғы 19 наурыздағы № 37 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім 2025 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 11 ақпандағы
№ 13 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттарға және актілерге:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа;

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті экономикалық операторлары тізілімінің нысаны туралы" 2017 жылғы 19 желтоқсандағы № 186 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті экономикалық операторларының жалпы тізілімі туралы" 2017 жылғы 19 желтоқсандағы № 187 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 17 шілдедегі № 111 шешіміне сәйкес әзірленді.

II. Қолдану саласы

2. Осы Қағидалар "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау, оған қоса осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдерді сипаттау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процестің белгілі бір қатысушысына белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"тарихи деректер" – уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде ол қалыптастырылған сәттен бастап сақталатын және оған өзгерістер енгізу көзделмейтін ақпарат;

"жалпы процесс ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектіні оның өмірлік циклының белгілі бір сатысында сипаттайтын, жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгертін қасиет.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процестің операциясы", "жалпы процестің рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгілемесі: Р.СС.12, нұсқа 1.1.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу механизмдерін іске асыру және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарына, өз қызметінде көрсетілген жалпы тізілімнен алынған мәліметтерді пайдаланатын заңды және жеке тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге одан мәліметтерді беру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) мүше мемлекеттердің уәкілетті экономикалық операторларының тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (бұдан әрі – уәкілетті органдар, мүше мемлекеттердің тізілімі) уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру үшін қажетті мәліметтерді (оның ішінде заңды тұлғаларды мүше мемлекеттердің тізіліміне қосу туралы, оларды мүше мемлекеттердің тізілімінен алып тастау туралы, уәкілетті экономикалық оператор ретінде қызметті тоқтата тұру (қайта бастау) туралы, мүше мемлекеттердің тізілімдеріндегі заңды тұлғалар туралы мәліметтердің өзгергені туралы, сондай-ақ соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде мүше мемлекеттің уәкілетті органының уәкілетті экономикалық операторды мүше мемлекеттің тізілімінен алып тастау туралы шешімінің күшін жою туралы мәліметтерді) Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) ұсынуын қамтамасыз ету;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құралдарын пайдалана отырып, Комиссияға келіп түскен мәліметтер негізінде уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің сұратуы бойынша оларға интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалана отырып уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер (оның ішіне жалпы тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер) беруді қамтамасыз ету;

г) уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау (бұдан әрі – Одақтың ақпараттық порталында жариялау) арқылы Интернет желісіндегі Одақтың ресми сайтына орналастыруды және мүдделі тұлғаларға жалпы тізілімі мәліметтеріне қолжетімділік беруді қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі
P.CC.12.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің тізілімін жүргізуге және оны уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру үшін Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде көрсетілген жалпы тізілімнен мәліметтерді пайдалануға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.CC.12.ACT.002	мүдделі тұлға	өз қызметінде уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдаланатын сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, заңды тұлға немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өздерінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдері;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Жалпы процесс рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті органдар Комиссияға жіберетін мүше мемлекеттердің тізілімдерінен алынған уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтердің негізінде уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ уәкілетті органдар мен мүдделі тұлғаларға Комиссияның уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер беруі жүзеге асырылады.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу кезінде жалпы процестің уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдері тобына енгізілген мынадай рәсімдері орындалады:

мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу;

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту;

мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау;

заңды тұлғаны уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау туралы шешімнің күшін жою;

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміндегі мәліметтердің өзгергені туралы хабардар ету.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ақпарат беру кезінде жалпы процестің мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына енгізілген мынадай рәсімдері орындалады:

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу;


уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер алу;

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу.

Мүдделі тұлғаларға ақпарат беру кезінде мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер алу" рәсімі орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мүдделі тұлғалардың уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтерге қолжетімділігі Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өздерінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып құрылды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдерінің тобы

15. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің тізілімін жүргізу үшін жауапты мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғалар, оның ішінде мүше мемлекеттің тізіліміне қосылған заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру (қайта бастау), мүше мемлекеттің уәкілетті органының заңды тұлғаны мүше мемлекеттің тізілімінен алып тастау туралы шешімінің күшін жою туралы мәліметтердің өзгергені (қосылғаны, алып тасталғаны) туралы мәліметтерді алған сәттен басталады.

Мүше мемлекеттің тізілімін жүргізу кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғаларды мүше мемлекеттің тізіліміне қосу туралы куәліктер нөмірлерінің бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы мүше мемлекеттің тізіліміне өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы өзгерістер туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 13 шешімімен бекітілген "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 13 шешімімен бекітілген "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

Заңды тұлғаны мүше мемлекеттің тізіліміне қосу туралы мәліметтерді беру кезінде "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімі орындалады.


Мүше мемлекеттің тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді (оның ішінде заңды тұлғаны тізілімге қосу туралы куәліктің қолданысының мәртебесі ("тоқтатыла тұрған", "қайта басталған және қолданыста") туралы мәліметтердің өзгеруі бөлігінде) берген кезде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімі орындалады.

Заңды тұлғаны мүше мемлекеттің тізілімінен алып тастау туралы мәліметтерді берген кезде "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау" (P.CC.12.PRC.003) рәсімі орындалады. Егер мүше мемлекеттің тізіліміне өзгерістер енгізу процесінде мүше мемлекеттің тізіліміне заңды тұлға туралы мәліметтердің енгізілгенін растайтын куәліктің тіркеу нөмірі өзгерген болса, онда заңды тұлға туралы мәліметтерді беру 2 рәсімді пайдаланумен жүзеге асырылады: "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау" (P.CC.12.PRC.003) және "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001).

Мүше мемлекеттің уәкілетті органының заңды тұлғаны мүше мемлекеттің тізілімінен алып тастау туралы шешімінің күшін жою кезінде "Заңды тұлғаны уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау туралы шешімнің күшін жою" (P.CC.12.PRC.008) рәсімі орындалады.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің мәліметтері өзгертілген кезде (заңды тұлға туралы мәліметтерді қосу, заңды тұлға туралы мәліметтерді алып тастау, заңды тұлға туралы мәліметтерді алып тастау туралы шешімнің күшін жою, заңды тұлға туралы мәліметтерді өзгерту, оның ішінде тізілімге қосу туралы куәліктің қолданысының мәртебесі ("тоқтатыла тұрған", "қайта басталған және қолданыста") бөлігінде) "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміндегі мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар ету" (P.CC.12.PRC.004) рәсімі орындалады.

16. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.12.PRC.001	мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.CC.12.PRC.002	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.CC.12.PRC.003	мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғаны уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау туралы мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.CC.12.PRC.004	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміндегі мәліметтердің өзгергені туралы хабардар ету	Комиссияның мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміндегі мәліметтердің өзгеруі туралы автоматты хабардар етуіне арналған
P.CC.12.PRC.008	заңды тұлғаны уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау туралы шешімнің күшін жою	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғаны уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алып тастау туралы шешімнің күшін жою туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады

5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түскен сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу ;

уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды уәкілетті орган мәліметтерді сұратып отырған уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын мүше мемлекеттің тізіліміне қосылған уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған және Комиссияда сақталатын уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтермен синхрондау қажеттігін бағалау мақсатында орындайды. Сұрау салуды жүзеге асырған кезде " Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.12.PRC.005) рәсімі орындалады.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылған барлық заңды тұлғалар туралы Комиссияда сақталатын мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтер не толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып), не белгілі бір күндегі жағдайы бойынша сұратылады. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтерді толық көлемде сұрату уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтер алғаш жүктелген кезде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау, оған жалпы процеске жаңа қатысушыны қосқан, іркілістен кейін ақпарат қалпына келтірілген кезде пайдаланылады. Сұрау салу жүзеге асырылған кезде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.12.PRC.006) рәсімі орындалады.

Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұратқан кезде сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салу орындалған сәтке дейін уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылған немесе өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.12.PRC.007) рәсімі орындалады.

19. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жылпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылған

P.CC.12.PRC.005	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу	уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтерді Комиссияның уәкілетті экономикалық операторларының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтермен синхрондау қажеттілігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
P.CC.12.PRC.006	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер алу	рәсім уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған
P.CC.12.PRC.007	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылған уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтермен синхрондауға арналған


6. Мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобы

21. Мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімі Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы мәліметтерді ұсыну кезінде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузер терезесінде уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді іздеу және (немесе) шығару параметрлерін береді, браузер терезесінде ұсынылған уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен алынатын ақпаратпен жұмыс істеуді жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық жүйесі арасында өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

22. Мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Мүдделі тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.12.PRC.007	Одақтың ақпараттық порталы арқылы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінен мәліметтер алу	рәсім Одақтың ақпараттық порталы арқылы осы порталдың веб-интерфейсін не осы порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынатын мүше мемлекеттердің тізілімдерінен алынатын және Одақтың ақпараттық порталында

P.CC.12.BEN.001	жалпы тізілім	жарияланатын мәліметтер негізінде қалыптастырылатын уәкілетті экономикалық операторлар туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс
P.CC.12.BEN.002	жалпы тізілімнің жай-күйі туралы мәліметтер	жалпы тізілімнің жай-күйі туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақытылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	елдер атауларының және олардың тиісті кодтарының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.008	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің тізбесі	анықтамалық	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтосқандағы № 192 шешіміне сәйкес қолданылады)


P.CLS.014	құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің атаулары мен кодтарының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.025	мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы	сыныптауыш	мүше мемлекеттердің кеден органдары атауларының және олардың тиісті кодтарының тізбесін қамтиды
P.CLS.053	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижелерінің анықтамалығы	анықтамалық	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.099	Еуразиялық экономикалық одақтың өлшем бірліктері мен есепшоттарының сыныптауышы	сыныптауыш	өлшем бірліктері мен есепшоттар кодтарының, оның ішінде халықаралық және өңірлік стандарттарға сәйкес, атауларының, шартты белгілеулерінің тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешіміне сәйкес қолданылады)

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және оның мәліметтерінің өзгергені туралы хабардар ету рәсімдері

"Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімі

27. "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

28. "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімі заңды тұлғаны мүше мемлекеттің тізіліміне қосу кезінде орындалады.

29. Алдымен "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.12.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін заңды тұлға туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

30. Комиссия уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша заңды тұлға

туралы мәліметтер уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылады . Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

31. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алған кезде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алу" (P.CC.12.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.12.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті экономикалық оператордардың жаңартылған жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

33. "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері заңды тұлға туралы мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу және Одақтың ақпараттық порталында уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін жариялау болып табылады.

34. "Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Мәліметтерді уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу" (P.CC.12.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.12.OPR.001	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.CC.12.OPR.002	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.CC.12.OPR.003	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

P.CC.12.OPR.004	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
-----------------	--	--

8-кесте

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.12.OPR.001) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.CC.12.OPR.001
2	Операцияның атауы	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	заңды тұлғаны мүше мемлекеттің тізіліміне қосу кезінде орындалады
5	Шектеулер	орындаушы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді заңды тұлға мүше мемлекеттің тізіліміне қосылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Комиссияға ұсынады, ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелері	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер Комиссияға берілді

9-кесте

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.002) операциясының сипаттамасы

№ p/c	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.СС.12.OPR.002
2	Операцияның атауы	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Комиссия уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер ұсыну" (P.СС.12.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтерді қосуды жүзеге асырады, уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	жалпы тізілімге қосылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер өңделді, мәліметтердің уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосылғаны туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

10-кесте

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алу" (P.СС.12.OPR.003) операциясының сипаттамасы

№ p/c	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.CC.12.OPR.003
2	Операцияның атауы	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне мәліметтердің қосылғаны туралы хабарлама алынды және өңделді

11-кесте


"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.12.OPR.004) операциясының сипаттамасы

№ p/c	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.CC.12.OPR.004
2	Операцияның атауы	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімін жариялау

3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтер қосылған кезде орындалады ("Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	операция мүше мемлекеттің уәкілетті органынан уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер алынған және олар "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.002) операциясы шеңберінде өңделген күннен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей орындалады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы жалпы тізілімді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды жүзеге асырады
7	Нәтижелері	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын жалпы тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімі

35. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

36. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы мүше мемлекеттердің тізіліміне, оның ішінде уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне қосу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау мақсатында өзгерістер енгізген кезде орындалады.

37. Алдымен "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.12.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

38. Комиссия уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алған кезде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде тиісті мәліметтер жаңартылады. Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

39. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама келіп түскен кезде "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу" (P.CC.12.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.12.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтерін жариялау" (P.CC.12.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

41. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері мүше мемлекеттің тізілімінен алынған мәліметтердің Комиссияда өңделуі, уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу және өзгертілген мәліметтердің Одақтың ақпараттық порталында жариялануы болып табылады.

42. "Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.12.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілемесі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.12.OPR.005	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.CC.12.OPR.006	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.CC.12.OPR.007	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.CC.12.OPR.008	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізілімінің	

	өзгертілген мәліметтерін жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген
--	-----------------------------------	--

13-кесте

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (Р.СС.12.ОПР.005) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	Р.СС.12.ОПР.005
2	Операцияның атауы	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттің уәкілетті органы мүше мемлекеттің тізіліміне, оның ішінде уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне қосу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау мақсатында өзгерістер енгізген кезде орындалады
5	Шектеулер	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді орындаушы Комиссияға мүше мемлекеттің тізілімінде қамтылған уәкілетті экономикалық оператор туралы мәліметтерді тоқтата тұру, қайта бастау және өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынады, ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады

7	Нәтижелері	уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер Комиссияға берілді
---	------------	---

14-кесте

"Уәкілетті экономикалық операторлардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.СС.12.ОПР.006) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
